

"Аңшы куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2011 жылғы 5 тамыздағы № 14-1/448 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 9 қазандағы № 18-03/906 бұйрығы.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 және 43-1-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Аңшы куәлігін беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы 2011 жылғы 5 тамыздағы № 14-1/448 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7151 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 18 қазан № 501-502 (26894) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж і б е р і л у і н ;

2) мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық- құқықтық жүйесінде ресми жариялануын ;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ы С. Омаров